

## Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1593. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.04. N 1164 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 - 3 . < \* >

**Ескерту. 1-3-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481 қаулысымен .**

4. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1068 Р971068\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 275-кұжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауындағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

2-тармақтағы "мемлекеттік комитеті" деген сөздер "комитет" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-тармақтың екінші абзацының және 3-6-тармақтардың күші жойылған деп танылсын ;

аталған қаулымен бекітілген Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы Ережеде:

1 - тармақта :

бірінші абзацтағы "мемлекеттік комитеті" деген сөздер "комитет" деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші абзацта :

"мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "комитетінің" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"(бұдан әрі - ТЖМК)" және "ТЖМК" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақтың жиырма төртінші абзацындағы "Экономика және сауда министрлігінің" деген сөздер "Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6-тармақтағы ТЖМК деген сөз алынып тасталсын.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 17 қарашадағы

№ 1593 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар  
жөніндегі комитеті туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**Миссиясы**

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халықты және аумақтарды авариялардан, апаттардан және табиғи зілзалалардан қорғау.

**I. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы\* арнайы уәкілеттік берілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, орталық атқарушы орган болып табылады және халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерін авариялардан, апаттардан және табиғи зілзалалардан қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою елдің азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты және салааралық үйлестіруді іске асырады.

Ескерту: <\*> Әлеуметтік және экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар Комитеттің құзыретіне кірмейді.

2. Комитет өз қызметінде Конституцияны, заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Премьер-Министрдің өкімдерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Республикалық ұланмен, басқа да министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен

, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдармен және жергілікті атқарушы органдармен өзара бірлескен іс - қимылда жүзеге асырады.

4. Комитеттің орталық аппаратын, оның аумақтық органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, бюджеттік жіктеу коды болады.

## **II. Басымдықтары**

7. Комитеттің стратегиялық басымдықтары мыналар болып табылады: Мемлекеттік саясатқа сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды алдын алу және жою саласындағы реформалар мен құрылымдық қайта құрулар жүргізу;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында жағдайлар мен құбылыстардың кешенді мониторингі; елдің азаматтық қорғаныс жүйесін дамыту; өнеркәсіптік өндірістердің және аса қауіпті объектілер жұмыстары қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне бақылау жасау.

## **III. Негізгі міндеттері, функциялар және құқықтары**

8. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, елдің азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру;

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен оны одан әрі дамытуды қамтамасыз ету;

салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқарудың жоғарыда аталған салаларына басшылықты жүзеге асыру;

өзге де мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

кадрлар даярлау және қайта даярлау;

Комитетке жүктелген басқа да мәселелер.

9. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы", "Авариялық-құтқару қызметтері мен құтқарушылардың мәртебесі туралы", "

Азаматтық қорғаныс туралы", "Өрт қауіпсіздігі туралы", "Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы", "Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында, сондай-ақ басқа да заңдық, нормативтік құқықтық актілермен белгіленген қызметтерді жүзеге асырады;

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми мекемелердің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, елдің азаматтық қорғанысы, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ өнеркәсіпте жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалау саласындағы жұмысын үйлестіреді;

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияға, азаматтық қорғанысқа, мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелеріне, өз қарауындағы жағдайда байқау, бақылау және болжау қызметтеріне, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесіне тікелей басшылық жасайды;

бөлінген қаржының шегінде республикалық бюджеттің қаражатынан төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі шараларды қаржыландыруды жүзеге асырады ;

мемлекеттік және жұмылдыру резервтері құрамындағы материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық қорларды және басқа да ресурстарды пайдалану туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметінің төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға арналған резерв қорынан қаражатты пайдалану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар енгізеді ;

төтенше жағдайларды жою кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;

азаматтық қорғаныстың әскери бөлімшелерінің жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын қамтамасыз етеді;

өз құзыретіне қатысты бөлігінде лицензиялауға және міндетті сертификаттауға жататын қызметтердің (процестердің, қызмет көрсетулердің) түрлерінің тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді және белгіленген тәртіппен ұсынады;

Өнеркәсіп объектісінің қауіпсіздігі декларациясы туралы ережені, оны әзірлеудің тәртібін және қызметі төтенше жағдайлардың пайда болуының жоғары тәуекелімен байланысты өнеркәсіп объектілерінің тізбесін бекітеді және көрсетілген тізбені объекті мәртебесінің өзгеруіне сәйкес түзетеді;

халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысады және Үкіметтің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды ;

өз қызметінің аясында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастырады, шетелдік ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі қызметін қамтамасыз етеді, ізгілік акцияларын өткізуді ұйымдастырады;

заңдар және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10. Комитеттің өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыруы және міндеттерін орындауы кезінде:

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізу және тау-кен қадағалау салаларында нормативтік құқықтық актілердің орындалуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

өз құзыретінің шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдарға, заңды және жеке тұлғаларға табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, қауіптілігі жоғары объектілерде өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігі талаптары мен процестерін сақтау, анықталған қауіпсіздік жөніндегі талаптардың бұзылуын, сондай-ақ осындай тәртіп бұзушылықтарға әкеп соғатын себептер мен шарттарды жою, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі, азаматтық қорғаныстың нормативтік талаптарын сақтау жөніндегі талаптарды бұза отырып жүргізілген жұмыстарды тоқтата тұру және оған тыйым салу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру үшін орындалуы міндетті қажетті қаулылар қабылдауға, ұйғарымдар беруге;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика органдарынан, министрліктерден, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат пен мәліметтер (оның ішінде компьютераралық байланыс арналары арқылы) сұратуға және алуға, төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мақсатында ақпараттық деректер банктерін (оның ішінде жабық) пайдалануға;

өз құзыретінің шегінде мемлекет меншігіндегі мүлікке иелік етуге, пайдалануға және оған билік етуге;

құқық қорғау органдарының, қарулы күштердің әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың күштері мен құралдарын аварияларды, апаттарды және табиғи зілзалаларды жою, төтенше жағдайлар аймақтарында қоғамдық тәртіп пен объектілерді күзетуді қамтамасыз ету үшін тарту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге;

төтенше жағдайларды жою үшін меншік нысандары мен ведомстволық

бағыныстылығына қарамастан ұйымдардың көлік құралдарын, құтқару, қалпына келтіру, медициналық, басқа да күштері мен құралдарын, материалдық-техникалық, медициналық және азық-түліктік ресурстары мен қорларын (жұмылдыру және мемлекеттік резервтерді қоспағанда) белгіленген тәртіппен тартуға, сондай-ақ мамандарды төтенше жағдайлар аймақтарына жеткізу үшін қызмет куәлігін көрсеткенде Комитеттің барлық қызметкерлері үшін көліктің барлық түрлеріне бірінші кезекті тәртіппен билеттер алуға;

авариялық-құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезінде байланыс және ақпарат беру үшін мемлекеттік, ведомстволық және мемлекеттік емес байланыс пен ақпарат беру жүйелері мен желілерін басымдық тәртіппен пайдалануға;

заңды және жеке тұлғаларды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жұмыстардың тиісті түрлерін жүргізуіне аттестациялауға, оларға лицензиялар, сертификаттар және белгіленген үлгідегі өзге де рұқсат құжаттарын беруге;

жер қойнауын пайдалану шарттары және келісім-шарттар көзделген еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар бұзылған кезде лицензиарға лицензиялардың күшін уақытша тоқтату, тоқтату немесе оларды кері қайтып алу туралы қолданып жүрген заңдарға сәйкес ұсыныстар енгізуге;

белгіленген тәртіппен бекітілген айырым белгілерімен, арнаулы дабылдармен және байланыс құралдарымен жабдықталған арнайы көлік құралдарын ұстауға;

адамдардың өміріне қатер төнгенде немесе аварияның пайда болу қатері болғанда үй-жайларға, тетіктерге, жабдықтарға сүргі салуға және адамдарды к ө ш і р у г е ;

егер көрсетілген ұйымдар құрған немесе оларға шарттар бойынша қызмет көрсететін объектілік кәсіптік авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларының даярлығы мен жағдайы авариялық-құтқару қызметтері белгіленген қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге жауап бермейтін жағдайда, ұйымдардың қызметін толық немесе ішінара тоқтата тұруға;

Комитеттің орталық аппараты мен аумақтық органдарының қызметкерлеріне арналған пайдаланылатын көлік құралдарының түрлері мен тиесілігіне қарамастан республиканың барлық аумағы бойынша кедергісіз басымдықпен жүруге, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу кезінде ұйымдардың аумағы мен үй-жайларына (дипломаттық иммунитеті бар шет мемлекеттердің өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың үй-жайларынан басқа) кедергісіз кіруге құқық беретін куәлігінің болуына;

Комитеттің өтінімі бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Радиожиілік жөніндегі мемлекеттік комиссия бөлген республиканың бүкіл аумағы бойынша бірыңғай радиожиіліктер белдеулерін иеленуге құқығы бар.

#### **IV. Жауапкершілігі**

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен халықты, объектілер мен аумақтарды табиғи зілзалалардан, авариялардан, апаттардан қорғауға, объектілер мен өнеркәсіп өндірістерінің жұмыстарының қауіпсіздігіне мемлекеттік техникалық және өрт қауіпсіздігін бақылауға, өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін бейбіт және соғыс уақытында азаматтық қорғаныстың дайын болуына жауапты болады.

#### **V. Қызметін ұйымдастыру**

12. Комитет пен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің бірыңғай жүйесін құрайды.

13. Комитет Комитеттің қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен құрылымдық бөлімшелерден тұрады.

14. Департаментті Комитеттің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор (бастық) басқарады. Заңды тұлға болып табылатын Департаменттің директорын (бастығын) Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Заңды тұлға болып табылатын Департамент туралы ережені, оның құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

15. Комитетті Комитет Төрағасы басқарады.

Төрағаны Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Комитет төрағасының екі оның ішінде бір бірінші орынбасары болады, оларды Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Әскери қызметшілердің Комитетте қызмет өткеруі мәселелерін шешу Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен, Комитет төрағасына жүктеледі.

Комитет жүйесінде әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілердің, сондай-ақ әскери қызметтен босатылатын адамдардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Комитеттің төрағасы:

Комитеттің, оның аумақтық органдарының, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бөлімдерінің, мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қызметін басқарады;

лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы бастығының орынбасары болып табылады;

лауазымы бойынша Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның, Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссияның, Республикалық

жұқпалы ауруларға қарсы төтенше комиссияның және Жарылыс ісі жөніндегі ведомствоаралық кеңестің төрағасы болып табылады;

өз орынбасарларының, департаменттер директорларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері, аумақтық органдары басшыларының және басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін белгілейді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік және өзге де органдары мен ұйымдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда Комитетті білдіреді;

белгіленген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Комитеттің орталық аппаратының, оның аумақтық органдарының, азаматтық қорғаныс бөлімдерінің штат кестесін, сондай-ақ тиісті кезеңге бекітілген бюджеттік қаражаттың шегінде оларды ұстауға арналған шығыстар сметасын бекітеді;

Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін, аумақтық органдардың басшыларын және заңдарда көзделген жағдайларда - ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Комитеттің департаменттері мен орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері, төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдар туралы ережені, мемлекеттік инспекцияның құрамындағы инспекциялар туралы ережелерді және мемлекеттік инспектор туралы ережелерді, ведомствоаралық бағыныстағы ұйымдардың ережелерін (жарғыларын) бекітеді. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтері туралы ережелерді келіседі;

объектілерге, арнайы техникалық құралдарға және жабдықтарға арналып әзірленген жобалау-сметалық құжаттамалар туралы жобалауға және техникалық қорытынды жасауға тапсырмаларды бекітеді;

ведомстволық бағыныстағы құрылыстар мен ұйымдар бойынша құрылысты уақытша тоқтату және объектілер құрылысы жүзеге асырылмаған жобалау-іздістіру жұмыстарына арналған шығындарды есептен шығару актілерін бекітеді;

Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бөлімдеріне, авариялық-құтқару қызметтері құрамаларына арналған арнаулы техникалар мен техникалық құралдардың жаңа түрлерін жобалауға арналған тапсырмаларды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған тактикалық-техникалық тапсырмаларды бекітеді;

бұйрықтар шығарады, Комитеттің қаулыларына қол қояды; аварияларды, апаттарды және табиғи зілзалаларды және олардың зардаптарын зерттеу жөнінде комиссиялар құрады;

белгіленген тәртіппен Комитеттің жоғары офицерлік құрамы алатын лауазымдарының тізбесін және жоғары офицерлік құрамның әскери атақтарын беру туралы ұсыныстарды енгізеді;

әскери қызметшілер алатын қызметтердің және оларға тиісті шекті әскери атақтың тізбесін бекітеді;

офицерлік құрамдағы адамдарды, прапорщиктерді, мичмандарды, мерзімнен тыс қызмет өткерушілерді қызметке тағайындайды, қызмет бойынша ауыстырады, бастапқы офицерлік атақты қоспағанда, подполковникке дейінгі әскери атақтарды береді;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне офицерлерді жападан әскери қызметке шақырту, әскери қызметтен босату, сондай-ақ бастапқы офицерлік атақ және полковник әскери атағын беру жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді;

белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесінің айрықша көзге түскен қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау және құрметті атақтар беру туралы ұсыныстар енгізеді;

Комитетті қаржыландыруға бөлінген қаражаттарға билік етуші болып табылады;

республикалық бюджеттің есебінен сатып алынған және белгіленген пайдалану мерзімдерін өтеген материалдық-техникалық құралдарды есептен шығаруға арналған құжаттарды белгіленген тәртіппен бекітеді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

17. Комитеттің төрағасы төтенше жағдайларда іс-қимылға тікелей басшылықты жүзеге асыру кезінде:

жергілікті атқарушы органдармен келісе отырып, төтенше жағдайлар аудандарында адамдардың тұруы мен өзін-өзі ұстауының режимін белгілеуге;

тапсырылған міндеттерді орындамаған лауазымды адамдарды төтенше жағдайларды жою кезіндегі жұмыстарға басшылық жасау жөніндегі міндеттерінен шеттету, оларды кейін белгіленген тәртіппен жауапқа тарту құқығы беріледі.

18. Комитеттің аумақтық органдарының басшылары мен олардың орынбасарларын (аумақтар бойынша бас мемлекеттік инспекторлар) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдерімен келісе отырып, Комитеттің төрағасы тағайындайды.

Комитеттің аумақтық органдарының құрамында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын инспекциялар құрылады және жұмыс істейді. Аталған бөлімшелер Төтенше жағдайларды, өнеркәсіпте жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін мемлекеттік қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі департаментпен бірлесе отырып, Комитеттің

құрамында Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияны құрайды.

19. Комитетте төрағаның (алқа төрағасы), лауазымдары бойынша Төраға орынбасарларының, департамент директорларының, сондай-ақ Комитеттің және оған ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшы қызметкерлерінің құрамында алқа құрылады.

Алқаның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқаның жеке құрамын Комитеттің төрағасы бекітеді.

20. Комитеттің құзыретіне жатқызылған маңызды проблемалар бойынша ұсынымдарды қарау және талдау жасау үшін құрамына, келісім бойынша мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіретін комитеттің жанындағы Ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңестің құрамы мен ол туралы ережені Комитеттің төрағасы бекітеді.

21. Комитет белгіленген тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою проблемалары бойынша журналдар, режимдік анықтамалар, бюллетеньдер және басқа да басылымдар, оның ішінде қадағалау қызметі, қадағалау салаларындағы, ұйымдардағы және объектілердегі еңбек қауіпсіздігінің жағдайы, озық тәжірибелер алмасу, жұмыстың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету жөнінде ақпараттық бюллетеньдер шығарады.

22. Комитеттің қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындауы кезінде мемлекеттің қорғауында болады. Олардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

23. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 17 қарашадағы

№ 1593 қаулысына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар  
жөніндегі комитетінің  
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Б а с ш ы л ы қ  
Төтенше жағдайлардың алдын алу департаменті  
Жедел мән беру департаменті

Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер департаменті  
Төтенше жағдайларды, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді мемлекеттік  
қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі департамент  
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті (заңды тұлға құқығында)  
Бақылау және талдау бөлімі  
К а д р б ө л і м і  
Қаржы-экономика бөлімі  
Материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі

Арнайы бөлім

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 17 қарашадағы

№ 1593 қаулысына

2-қосымша

**Ескерту. Қосымша күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1998.10.06. № 1006 қаулысымен.**